

қоғамының әлеуметтік құрылымында, ұлттық бірлікте және тәуелсіздік жолындағы күресте терең із қалдырған оқиға болды.

Қорытынды

Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы күрес қазақ қоғамында терең маңызды орын алған тарихи оқиға болды. Бұл қақтығыс тек хандық билік үшін болған саяси күрес ғана емес, қазақ халқының тағдыры мен ұлттық бірлігіне әсер еткен оқиға болды. Екі ханның арасындағы қарама-қайшылықтар қазақтардың ішкі саяси құрылымындағы бөліністерді тереңдетіп, әлеуметтік шиеленістердің өршігенін байқауға болады. Билік үшін жүргізілген күрес қазақ қоғамын ыдыратып, ұлттық бірліктің әлсіреуіне әкелді, сол арқылы сыртқы күштердің ықпалына ұшырау мүмкіндігі арта түсті.

Тұрсын ханның тәуелсіздікке ұмтылысы мен халыққа жақын болуға тырысқанымен, оның саясаты түптеп келгенде ішкі тұрақсыздық пен саяси қақтығыстарды тоқтатуға қабілетсіз болды. Есім ханның қазақ қоғамында бұрыннан қалыптасқан билік құрылымын сақтап қалуға тырысқанымен, ішкі бөліністер мен сыртқы қысымдар қазақтың тарихи жағдайына үлкен әсер етті. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы күрес қазақ қоғамындағы саяси және әлеуметтік құрылымдарға айтарлықтай өзгерістер енгізді. Бұл оқиға қазақ халқының ұлттық бірлігін сақтаудағы күресінің қиын жолын, сондай-ақ тәуелсіздік үшін күрестің маңыздылығын көрсетіп, сол кезеңдегі күрделі саяси ахуал мен әлеуметтік мәселелерді айқын бейнелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 2007. – 200 б.
2. Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) Составители: Ибрагимов С.К., Мингулов К.А., Пищулина К.А., Юдин В.П. - Алма-Ата: Наука, 1969. – 648 с.
3. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Под. Ред. Проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. – 2-е изд. – Алматы: Қазақстан, 1997. Сборник I: (V в. До н.э. – XVII в. н.э.). – 383 с
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық.- 2 том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 640 б.
5. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925. – 108 б.
6. Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуры Казахстана и Центральной Азии в XVII-XVIII вв. Алматы, 2001. – 364 с.
7. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. - V том. XV-XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 440 б.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ ТАРИХТАҒЫ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕРІ: ҚАУІПСІЗДІК НЕМЕСЕ ТӘУЕЛДІЛІК

Кусаинова З.Т.

Ғылыми жетекшісі: доцент Дюсупова С.Т.

Астана халықаралық университетінің

zarinakusainova19@gmail.com

Астана қ.

Кенестік тарихнамада қазақтардың Ресей империясына қосылуына, Әбілқайыр ханның тарихтағы рөліне күмәндар пайда болды. Осыған сүйеніп тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында Әбілқайыр хан рөлін төмендетеді. Кімдер: Манаш Қозыбаев, Кенжебек Тынышбаев, Сұлтан Аққұлов, Тұрсын Жұртбай, т.б. Әбілқайыр ханның тарихтағы маңызды шешімдерінің бірі ретінде Ресей империясының құрамына енгені болып табылады. Алайда оның бұл шешімі қауіпсіздік шараларымен қатар Ресейдің отарлау саясатының жоспары ретінде - Қазақ хандығының тәуелді ел болуына әкеліп соқты. Мақалада қарастырылатын сұрақтар: Қауіпсіздік немесе тәуелділікке алып баратын бұл шешім не үшін қабылданды? Тәуелділік пен бодандық сөздері қай мағынада қолданылды? Егер тәуелділік болса онда Әбілқайыр хан неліктен Ресей империясына аманат бермеді?, Осы сұрақтар аясында мақалада баяндамалар жасалынды.

Әбілқайыр ханның билігі кезінде ішкі саяси тұрақтылықты сақтау үшін түрлі рулар мен тайпалар арасындағы қақтығыстарды реттеуге күш салды. Бұл оның билігін нығайтып, халықтың бірлігін қамтамасыз етуге көмектесті.

Әбілқайыр хан 1693 жылы Түркістан қаласында дүниеге келген. Оны Әбілқайыр Мұқамбет Ғазиза баһадур хан деп атаған. Ол - Өз Жәнібектің бесінші ұрпағы. Ал Шыңғыс ханнан бастап тарататын болса, хан әулетінің он сегізінші ұрпағы болады. Өз Жәнібектен тоғыз ұл тарайды, солардың бірі – Өсеке сұлтан одан Бөлекей ноян, одан Ырыс сұлтан, одан Хожа сұлтан, одан Абдолла сұлтан туған, Әбілқайыр осы Абдолла сұлтанның баласы.

"XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығы саяси тұрғыда бөлшектелген ел болды. Мұнда үш жүз бар еді, олар өз кезегінде бірнеше кішкентай хандықтардан тұрды. Ел феодалдық қақтығыстардан ажырады. Әр түрлі сұлтан топтары қазақ даласында жоғарғы билік үшін және жақсы жайылымдар үшін күрес жүргізді. Сұлтандардың билігі мен сепаратизміне қарсы күресте XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығы сыртқы басқыншылыққа ұшырады", жазады Ш. Уәлиханов. Осындай зұлмат заманында қазақтардың бөлінуіне себепші болған фактордың бірі жаулардың шабуылдауы. «Сұмдық ауыр уақыт...»

— Әбілқайыр хан саясат сахнасына көтерілген кезең — қазақ үшін қандай уақыт еді?

— XVIII ғасырдың басы — халқымыздың азаматтық тарихындағы көп аса бір күрделі кезең. Бір ру емес, бір тайпа емес, тұтас ұлттың тағдыры қыл үстінде тұрды. Тарихи деректерге сенсек, Қазақ хандығының арғы-бергі тарихында халықаралық жағдайдың дәл осындай шиеленіскен кезі болған емес.

Кешегі маркстік-лениндік кеңес тарихнамасында Қазақ Ордасына толассыз жасалған жоңғар жорықтарына ерекше мән берілді де, патшалық Ресейдің жүргізген астыртын империялық саясатына көп көңіл аударылмады. Сондықтан тарихи шындыққа жету жолындағы ізденістер мен Отан тарихына ұлттық көзқарас қалыптастыру дәуірі енді ғана басталды.

Байқаған жанға орыс отаршылдығының тарихы Әбілқайыр хан заманынан әлдеқашан бұрын басталған. Алтын Орда ыдырап, Шыңғыс хан іргесін қалаған империя құлаған кезде, оған бірнеше ғасыр бағынышты болған орыс жұрты есін жиды. Осы кезде түрік тектес халықтардың Қырым, Қазан, Астрахан, Сібір және басқа хандықтары құрылды. Ресей мемлекеті аталған хандықтарды бірінен соң бірін бағындырып, өзіне бодан етті. Ақыры мысықтабандап Ұлы Даланың шетіне жайғасты. Жайғасып қана қойған жоқ, басып кіріп, Жайық пен Ертіс өзендерінің бойына әскери бекіністерін тізбектете салу арқылы сайын даланы қос бүйірінен сақиналап қоршай бастады. Оның үстіне, патша әкімшілігінің қазақ жеріне шектес жатқан башқұрттарды, Еділ қалмақтарын, Жайық казактарын, Сібір әскерлерін айдап салып, әлсін-әлі соғыс шығаруы, Ресеймен көршілес жатқан Кіші жүздің саяси жағдайын одан әрі шиеленістірді[4]. Олардың ішінде Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық Орыс-Казактары мен Башқұрттар тұрды. Ұлы жүздің ханы Жолбарыс, Орта жүздің ханы – Сәмеке, ал Кіші жүзді Әбілқайыр хан басқарды. Өз алдына дербес саясаттары жүргізіп, алауыздықтың одан әрі өршуіне себепші болды. Қиын сәтте әскер жіберіп, бірігуі тиіс қазақ халқы бөлшектеніп кетті. Қазақ даласында осы бір тұста ірі шайқастар белен алды. Мәселен: Аягөз; Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама; Бұланты; Аңырақай шайқастары. Бұлардың соңы үнемі жеңіліспен не болмаса ауыр адам шығындарымен аяқталып отырды. Оған дәлел ретінде белгілі тарихшы ғалым Жамбыл Артықбаевтың мына бір сөзін келтірейік: "Аягөз түбіндегі жеңіліс Қазақ ордасының ұзақ жылғы саяси және әлеуметтік дағдарысының бастамасы болды. Қалай болғанда да қазақ жағын жасытып, болашақтағы "Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама" үрейін бастаған осы жеңіліс болды. Ешқашан жауынан беті қайтпаған дала ұландарының жүрегіне бұл жеңіліс пен шегініс үрей әкелді", - деп тұжырым жасаған. Тұжырымда айтылғандай-ақ ұзақ жылға созылатын «Дағдарысқа» ашығын айтқанда «Тәуелділікке» бастама болды.

Ендігіде Қазақ хандығына қатысты «тәуелді» және «бодан» деген ұғымдар туралы тоқталайық. Тарихнамаға жүгінсек, тарихшылардың арасында «бодан» болдық деп тұжырымдап жатқандары бар, мысалы: А.Диваев, А.Васильев, В.Радлов, Ж.Рсымбеов, т.б. Тарихнама бойынша Әбілқайыр хан тұсында бодандыққа, яғни толықтай тәуелділікке апарар фактор тіркелмеді. Кеңес одағы идеялогиясында Әбілқайыр Қазақстанды Ресейге қосқан хан ретінде біржақты қаралып, одан арғы патшалық Ресей зерттеушілері жазбаларында оны «екіжақты саясат жүргізуші, айлакер, қарақан басын күйттеуші» деп тарихшы Болатбек Нәсенов осындай еңбегінде сипаттады[1].

Енді осыны тарихи мұрағаттар мәліметтері бойынша бекітейік. Ресей империясының сыртқы істер министрлігінің мұрағатында Әбілқайырға қатысты 399 іс жатыр. 1727-1777 жылғы 5-10 папкада және 1727-1757 жылғы қорда осы іске қатысты деректер бар. Ресейдің қоластына кіруге қатысты бастапқы кезеңдерге келсек, Қазақ ордасының ішінде Үлкен орда 1861-1864 жылы Ресей күштеп хиуалықтардан тартып алғанға дейін Ресейдің қол астында болған емес. Сол себепті Үлкен орданың халқы Ресейдің қол астында 130 жыл ғана болды (1862-1991 ж.). Орта орда мен Кіші орданы 1731 жылдан Ресейдің қоластына кірді деу де – қате. Кіші орданың өзінде де кейбір старшындар Әбілқайыр ханға бағынбай өз алдына қожалық жасады. Сондықтан Кіші орданың аз бөлігі ғана Ресейдің қол астына кіргені туралы ант берді. Басым көпшілігі 1822 жылға дейін ешкімге бағынбады. Орта орда 1738-1740 жылдары «Ресейге қосылдық» деп ант бергені болмаса, шын мәнінде, оларға толықтай тәуелді болған жоқ. Ол екі орда да Қытайға, жоңғарларға да «қоластыңыздамыз» деп ант бергені болмаса, бағынбады [1]. Әбілқайыр саясатында атасы Тәуке жолымен жүріп, соның саясаты бойынша Ресеймен ынтықматаса отырып, қалмақтарды талқандауды мақсат еткені нақты айта аламыз. Әбілмәмбет хан, Абылай хан Ресейге аманатқа балаларын, жақындарын берген жоқ. Қазан айының 28-і күні 1730 жылы Тевкелев Мамет аудармашы қазақ елшілерімен кездесті. Олармен әңгімелесті. Императордың ұлы мәртебесіне мынаны жеткізуді тапсырды. «Егер Ресей Императоры өз қол астына алуға келісімін берсе, онда қазақ хандары сенімді болу үшін өз балаларын аманатқа бере ме?» «Оны ханмен келіспей айту қиын. Аманат туралы бұйрық берілген жоқ. Ал біздің ойымызша, аманатқа келісім береді деген сеніміміз бар. Егер оларды Уфада ұстаса, азық-түлікпен, жататын орынмен қамтамасыз етіңіздер. Башқұрттардың аманатқа берген адамдары Уфада ғой», деді елшілер. 1731 жылы ақпаннан 13 желтоқсанға дейін. Шығыс тілдерінің аудармашысы Мамет Тевкелев Мәскеуден Уфаға қырғыз-қайсақ ордасына жіберілді [122-қор, 1-тізім, 1-іс]. [1-беті] Хаттамадан көшірме.

Ал Орынбор губернаторы И.И.Неплюев болса, ашықтан-ашық, өзінің Орынбор өлкесіндегі қазақтар бағытындағы саясатына қарсы шыққан Әбілқайырды 1742 жылы 27 қыркүйекте Ресейдің Сыртқы істер коллегиясына жолдаған хабарламасында «Әбілқайыр ханның адалдығына келер болсақ, бізде баласының (Қожахмет. – Ә.М.) аманатта болғанына қарамастан, оған еш сенуге болмайды, ол алдаушы және тәкаппар адам «, — жеткізсе, келесі бір құжатта қазақ ханын Ресейге «ұлы қастық ояластырушы «[Казахско-русские отношения в ХУІ-ХУІІІ веках. Сборник документов и материалов. А, 196. С. 254, 393; әрі қарай – КРО].

Тарихнамада орын алған осы оқиға Әбілқайыр ханның идеясынан емес, Тәуке хан идеялогиясынан бастау алады. Ұлы Тәуке хан «Ресейдің қол астына кіру» дегенді «одақтасу» деп түсінген. Қиын-қыстау заманда бірімізге-біріміз көмек жасайық депті. Мәскеудің «ерте заманның актысы» атты мұрағатында [122-қор, 7-тізім, 4-ші іс] Тәуке ханның Мәскеу патшасына жазған хаты жатыр. Онда «Бізді қол астыңызға алыңыз. Бірлесіп қалмақтармен соғысайық. Әскерлерімді қай жерге әкел дейсіз, сол жерге апарамын» баяндады. Одақтасу арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сауда жолын дамыту болды [Тобол. 1716 жыл, қыркүйектің 12-сі.]. Міне, жоғарыдағы хаттар Қазақ хандығының Әбілқайырдан 140 жыл бұрын Ресейдің қоластына одақтас ретінде кіруді мақсат еткендігін дәлелдейді. 1718 жылы 10 желтоқсанда жазылған төрт хат бар (Көне заманның құжаттарының мұрағатынан). Соның бірінің мәтінін толық көрсетейін. (16-беттің сырты) [122-қор, 1-тізім, 1-2 іс]. Аса қадірлі мырзаларға, ұлы тұқымдас боярларға, Қазанның үлкен соты Петр Самойлович Салтыковқа, Никита Альферович Кудрявцевқа Қазақ ордасының иесі Қайып хан аса құрметпен бас иеді. Алланың құдіретімен сіздерге көпжылдық денсаушылық, адалдықты сіздің ата-бабаңызға, Ақ Патшама тілей отырып, ұлы мемлекет басшысына жіберген елшіміз Тайғонұр Құлтабаевтар біздің хандыққа аман-есен келді. Ақ Патшадан алтын мөрі басылған хатты әкелді. Оған біз қуандық. Ұлы мемлекет басшысы ірі қызмет орнында Құдайдың құдіретімен аман-есендігіне, одан кейін боярларыңыздың аمانдығына қуандық. Ұлы мемлекет басшысы және боярларға менің мәңгілік бейбіт өмірде одақтасып туруды қолдайтынымызды жеткіземін. Сіздің жауыңыз – біздің жау, сіздің досыңыз – біздің дос. Біздің осындай тамаша одағымызды көріп, басқа да тілектестеріміз қуануда, ал жауларымыз сақтануда. Сол үшін мен өз қолыммен қол қойдым, өз мөрімді бастым. Оны Федор Жилин, башқұрттар, басқа да жолдастары көрді. Тағы да жариялаймын, ол ұлы мемлекет басшысы қонтайшылармен соғысуға дайын екенін көрсетеді, біз қонтайшымен соғысуға дайынбыз. Ұлы мемлекет басшысынан әскерлер Ямыш атты жерге (Тоболдың елшілері келіп бізге қай жерге жиналатынымызды айтса), біз қанша адамдарымыз болса, сонша адамдарды қай уақытқа екенін айтса, жіберер едік. Алланың құдыретімен жауымызды жеңуге күш салар едік. Өткен жылы Федор Жилин келген кезде қалмақтар екі рет біздің ұлыстарымызды талқандап кетті. Ол кезде Алланың әмірімен Тұрсын хан қайтыс болған еді. Ол жоқта оның ұлыстарын басқаратын ешкім болмаған. Сол себепті Жилиндерді мезгілінде жібере алмадым. Ұрылар аш-жалаңаш, сол себепті ұрлық та жасаулары мүмкін. Егер олар қолдарыңызға түсе қалса, өлім жазасына кесіңіздер. Ешкімді аямай құртыңыздар. Басқаларына сабақ болсын. Оған біз ешбір реніш білдірмейміз. Жоғарыда жазылған Тайғонұр Құлтабаев сіздің елшілеріңізді аман-есен алып келді. Сол Тайғонұр сіздің елшілермен кейін қайтарылды. Тайғонұр сізге және бізге қызмет еткені үшін ақысын алды. Сіздің рақымыңызбен оны пайдалануыңызға болады. Хаттың сыртына Қайып ханның мөрі. [Санкт-Петербургтың Орталық кітапханасынан алған «Тарихи очерк» атты А.Е.Алекторов].

Әбілқайыр хан өз сөзінде де «одақтастық» ұғымын ашығыннан айтты. Қырғыз-қайсақ ордасының Құтлымбет және Сейітқұл бастаған елшілері Мәскеуге келіп қырғыз-қайсақтың әскерлерін Ресей қоластына алуды сұрағаны, оларды Мәскеуден қайтарып, Әбілқайырдың ордасына арнаулы адам жіберіледі деп сендіруі туралы хат [122-қор, 1-тізім 1-іс] (1730-1731 жылдары) Хатта айтылғандай «қырғыз-қайсақтың әскерлерін қоластыңызға алсаңыз» деген сөз бар. Онда «қазақтың жері, халқы қоластына кіреді» деген сөз жоқ.

Ресей Империясының қол астына кіру әрі Башқұрттармен бейбіт өмірде болу туралы тілегіңіз қабылданды. Ол үшін сіз біздің Императорға мынадай серт бересіз: Бірінші – Императордың құдіретіне адал қызмет етесіздер. Башқұрттар сияқты салық төлейсіздер. Екінші – Ресейге, оның төңірегіндегі елдерге қиянаттық жасамайсыздар. Үшінші – егер казактар сіздерге шабуыл жасаса, біз сіздерді қорғауға тиісті боламыз. Төртінші – башқұрттардан және басқа Ресейге бағынатын елдерден алған төлемдерді қайтарып беруді міндеттендіңіздер. Башқұрттармен, қалмақтармен бейбіт өмірде сүруге уәде беріңіздер. Біз ұлы мемлекеттің императорлық құдіретімен сені, Әбілқайырхан қырғыз-қайсақтың старшинасы етіп тағайындаймыз. Жоғарыдағы талаптарды орындаумен бірге сіздер өздеріңізді өздеріңіз қаржымен қамтамасыз етесіз. Сіздерге қалмақтарға, Жайық казактарына, башқұрттарға шабуыл жасауға тыйым салынады. Олармен ұрыс-жанжалсыз тұру керек. Ресейдің саудагерлері Астрахан немесе басқа да қазақ жерімен жүрсе, оларды ешбір бөгетсіз жіберіп Хаттаманың түпнұсқасын жазған канцлер, Граф Галовшин Андрей Степанұлы. 1731 жылының 13 ақпан күні қол қойылған. Асыға күтемін. 25-беті Печать: Анна Божею милостиво императрица и самодержица Всероссийская Киргись-кайсацкой Орды Эбулхайрь Хану старшине и всему Касацкому войску (содержание на двух страницах крупными буквами) (26-бет). Мамет Тевкелев арқылы 1731 жылы ақпан айында жеткізілді. Соны орындауға міндеттісіз: Біріншіден, қырғыз-қайсақ ордасының қай жеріне баруды олардың басшысы Әбілқайыр хан біледі. Ол туралы елшілер Құтлымбет Қоштаев, Сейітқұл Құдайғұловтар Тевкелевпен бірге жіберілді. Екіншіден, Тевкелев Әбілқайыр ханға келіп, Император Анна Иоанновнаға елшілері Құтлымбет Қоштаевпен жіберген ауызша Ресейдің қоластына кіру туралы тілегі жеткізілгенін айтты. Мен жеке ханның өзіне арналған қағазды әкелдім. Оған қоса жалақы, қылыш, бүркіт, тон, қара түлкі терісінен шапан және мата, тағы басқа да заттар берілді. Басқа хандарға да сыйлықтарды аямай беру керек. Одан кейін олардың

эрқайсысының қандай абыройы барын толық зерттеу қажет. Кімнің қандай мөлшерде өз ортасында абыройы бар-жоғын білу керек. Үшіншіден, Императорға адал қызмет етеміз деп Әбілхайр хан және басқа хандар, старшындар ант береді. Олар бүкіл қырғыз-қайсақтардың атынан Құран алдында ант қабылдап, өз қолдарын қойды. Оны Тевкелевке табыс етеді. Төртіншіден, барлығы қол қойып ант берген соң Ресейдің қол астына кірген болып есептеледі. Содан кейін Тевкелев мыналарды орындайды. Әбілқайырдың жанында әр күні болады. Олардың Ресейге уақытында салық төлеуін қадағалап отырады. Аманатты Уфаға жібереді. Бесіншіден, Әбілқайыр ханның аманат бергісі келмейді. Алтыншыдан, Әбілқайыр хан да сондай талаптар қойса, Тевкелев не істеуі керек? Онда ол «Императордың сенімхатында жазылған» деп құтылуы керек. Жетіншіден, егер де Әбілқайыр хан көп уақытқа дейін Тевкелевке жауап бермесе, онда Императорға жіберетін жауаптарында Мәскеуге елші жіберіп Тевкелевтің әзірге қалатынын оны өз қаражатымен қамтамасыз ететінін, үй беретінін хабарлауы тиіс. Сегізіншіден, Тевкелев Әбілқайыр ханға айтып, Ресей тұтқындарын талап етпекші. Тевкелев осында қанша уақыт болса, сонша ол Императордың ұлылығы астында адал қызмет еткендігін дәлелдейді. Тоғызыншыдан, Тевкелев бұл елден қайтқанша журнал жүргізіп, көрген-білгендерін жазып отыруға міндетті болды. Алдымен башқұрттар туралы. Олардың көші-қондары, қалалары, ауылдары, оларда басқару жүйесі қандай жолмен жүреді, халық немен шұғылданады, қандай өндірістері бар. Оныншыдан, қырғыз бен башқұрттардың аралары қандай қашықтықта, қайда, қандай елді мекендері бар. Әр жердің аты өзендердің сулардың аты жөнінде, олардың өтетін көпірлері қанша, орман және қандай дала, бірінен-бірінің ара қашықтығы, қандай қамалдары бар. Он бірінші – қырғыздарды бақылау, барлау қажет. Әсіресе Әбілқайырдың жанындағыларды қадағалау керек. Егін сала ма, қанша жері, бақшалары бар ма, қандай өндіріспен шұғылданады? Олар Әбілқайырды тыңдай ма? Әбілқайыр қол астындағылардан салық жинай ма? Қанша? Заңдары қандай? Басқа хандар Әбілқайырды тыңдай ма? Бүкіл халыққа Ресейдің қол астына кіргендіктерін хабарлау керек. Саудамен шұғылдана ма? Қай дінді ұстайды? Қай халықтармен көршілес тұрады? Ханның табысы қанша? Зауыттары бар ма? Қару-жарақтары бар ма? Қайдан алады? Зеңбіректері бар ма? Оны қайда, қалай жасайды? Оқтарын кімдер жасайды? Қайдан алады немесе қандай тауарларға алмастырады, кімдермен кім соғыста, жолдары қалай? Он екінші – барлық көрген-білгенін анықтап қарап және аңғарып ешбір бұрмаламай жазып алу, ол үшін тапқырлық тәсіл көрсетуі керек, ешкімге білдірмеуі қажет. Жарлық пен нұсқау берілгенін ешкім білмейтін болсын. Он үшінші – Әбілқайыр хан Аманат жіберсе, оны Уфада қалдырып, ал оның шығынын ханнан талап етеді. Тұтқындағыларды босатады. Оларды воеводқа беру керек. Тұтқыннан босатылғандардың тізімін алып қай жерлерден екендерін қай жерде, қандай жағдайда тұтқындалғанын жазып үйді-үйлерге жіберуі керек. Он төртінші – Мәскеуге келген соң жазғандарын толығымен сыртқы істер коллегиясына беруі керек, қазынадан алған қаржылардың қайда жұмсалғанына есеп беруі тиісті. Жоғарыдағы пункттердегі Әбілқайырдың хаты, елшілері туралы. Әбілқайырға берілген құқықтар туралы жаза келіп Тевкелевті қайтарып жіберуді сұраған. Әбілқайырға берілген сенімхат пен сыйлықтар тізілген [Мөр. Подкустодиев. Хаттаманың түпнұсқасын жазған канцлер, Граф Галовшин Андрей Степанұлы. 1731 жылының 13 ақпан күні Қол қойылған].

1868 жылы қабылданған "Жаңа устав" бойынша қазақ жұртында сұлтандық пен билік басқарудың бұрынғы жүйесін жойды. "Бөліп-бөліп ал да, басқара бер" саясаты болды. (6бет) Әбілқайыр тұсында да қазақ хандығы тура осы жағдайда болды. Және ол тәуелділікке апарған күннің өзінде тек Кіші жүз қазақтары территориясын қамтығаны түсінікті [Сан қилы сауал, 1731 жылы Әбілқайыр хан батыс Қазақстан қазақтарын еріксіз сырттан билеп, "біз сіздің құлыңыз боламыз", Ресей патшалығына арыз түсірді", - Ж. Рсымбетов [196ет].

[1991 жылғы Жібек жолы журналы 2-ші саны, Тәуке хан хәм билер кеңесі] мақаласында тарихнаманы бұрмалау мен қатар, Әбілқайыр ханға жала жабылғаның байқауға болады. Автор, "подданство" дегенінің "бодан" деген сөз екенін біле тұра өткенге ғана қиянат жасамау, бүгінгі және келер ұрпаққа жауапсыздық екенің келтірді. 1595 жылы Тәуекел хан Мәскеуге екінші қайыра елші жібереді. Ол: "Қазақтар орыс патшасының билігін мойындауға тілек білдіреді", - деп хабарлады. Ресей патшалығының сол кездегі мықты қарсыластары болып саналған Көшім хандығымен де, Бұқарамен де қазақтардың соғысып отыруын талап етті. Бұл қазақ халқы өте ауыр талап еді. Қазақ жұрты бұл талапты орындай алмауына байланысты Ресеймен бұдан кейін бір ғасырға жуық байланысты үзді. Соның өзіңде орыс патшасы біртіндеп, күшпен қазақ жеріне ене бастады. Мысалы, 1620 жылы қазіргі Орал қаласының, іле-шала Гурьев әскери бекінісін салып алды. Тарихнамаға тағы бір көз жүгіртсек Әбілқайыр хан 1693 жылдары дүниеге келсе осы бір ауқымды мәселелер оның билігінен бұрын пайда болған. 17 ғасырдың аяғында қазақ даласына Жоңғарлар мен Ойраттардың дүрсе қоюы Әбілқайыр ханға "одақтастық" мәселесі қауіпсіздік аспектісіне айналды. Мына бір дерек соған дәлел. Ағылшын тарихшысы Марта Брилл Әбілқайыр хан туралы жазған жазбасында "Осы тұста қазақтар қайтадан Ресей жаққа көп көңіл бөле бастады. Өйткені Тәуке хан өз халқының жоңғар қалмақтарына қарсы соғыста одан басқа дұрыс одақтас таба алмайтынын түсінді. 1680-1693 ж. арасында ол Сібірге орыс әкімдеріне алты рет арнайы тапсырмамен адамдар жіберді. Сондағы мақсаты өз халқына қорғаныш табу еді [1994 жыл, 9 қыркүйек. "Аруана" газетінен] Анна Ивановна да-Петрдің осы қағидасын жалғастырушының бірі Қазақ жұрты әбден әлсіреген шақта, ерте, кеш пе Ресей империясының тап беретіні ақиқат еді. Осыны сол кездегі хандарымыздың бәрі сезді. Сезді де, бір үлкен елмен одақ құрып, арқа сүйеу іздестіріп, жанталасып. Ол кім еді? Қытай ма? Ресей ме? Әлде, тіпті, жоңғарлардың өзімен бәтуаласу керек пе?" жазды. 1730 жылғы деректе былай айтылады "Әбілқайыр орыстармен тіл табысып, Бұхар, Хиуа хандықтарын тонап, бимазасы тасып жүр" [Әбілқайыр хан, 25бет].

1731ж. 10 қазан күні Әбілқайырдың Ресейге бодан болу жөніндегі ойы қабылданғаны мәлім. Бұл күнді "қазақ басына туған қаралы күннің бірі ретінде көрсетіледі". Алайда бейтарап зерттеушінің пікірінде"... Бұл келісім екі жақ үшін де тиімді еді. Әбілқайырға ол саяси жағдайын жақсартып, елдің экономикалық тұрақтылығын нығайтып алуға мүмкіндік берді. Өйткені Ресейдің аймақтағы ең қауіпті күш екенін қазақтар да, олардың көршілері де көріп отырған. Сол тұрақтылықтың өзі ең басты жетістік еді. Бұл кезде Кіші жүздің экономикасы құлдырау шегіне жеткен болатын"Марта Брилл Олкотто.Тарихи құжаттар Әбілқайыр Ресей протекциясын сұрауға шын ниетімен бармаған, ондай қадам жасауға мәжбүр болған деген тұжырымға итермелейді. АИ.Тевкелевтің "Неліктен сіз басқа хандар мен сұлтандардың,беделді старшындардың келісімінсіз бұл іске (яғни Ресей бодандығын қабылдауға-К.Е.)бардыңыз?"-деген сұраққа, Әбілқайыр "Жылдар бойы қонтайшымен соғысып келемін,оған әлім жетер емес... Оның үстіне Еділ қалмақтары, башқұрттар, Бұхара және Хиуамен соғыса бастадық. Төрт жағымыздан бірдей жау қоршауында қалдық" деген жауап алды.[Әбілқайыр хан,9бет]. Әбілқайыр өз шешімі арқылы Кіші жүз қазақтарын тәуелкеге байлады. Шыныда бұл шешім сол кездегі саяси дағдарыс үшін ең тиімді шешім болды.

Әбілқайыр ханның билігі кезінде ішкі саяси тұрақтылықты сақтау үшін түрлі рулар мен тайпалар арасындағы қақтығыстарды реттеуге күш салды. Бұл оның билігін нығайтып, халықтың бірлігін қамтамасыз етуге көмектесті.Әбілқайыр хан — қазақ тарихындағы маңызды тұлғалардың бірі. Оның билігі кезеңінде қазақ хандығының қауіпсіздігі мен тәуелділігіне қатысты бірнеше маңызды шешімдер қабылдады. Әбілқайыр хан көрші мемлекеттермен, әсіресе, Ресей мен Жоңғариямен саяси одақтар құруға тырысты. Бұл одақтар қазақ хандығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды. Хан әскери күшті нығайту үшін реформалар жүргізіп, қазақ әскерінің ұйымдастырылуын жақсартты. Бұл шешімдер сыртқы қауіптерге қарсы тұруға мүмкіндік берді. Әбілқайыр хан сауда жолдарын дамытуға назар аударды. Бұл арқылы хандықтың экономикалық тәуелсіздігін арттыруға тырысты. Ханның билігі кезінде қазақ хандығы Ресей империясының ықпалында болды. Әбілқайыр хан Ресеймен дипломатиялық қарым-қатынастарды нығайту арқылы тәуелділікті азайтуға тырысты, бірақ бұл процесс күрделі болды. Хан ішкі тұрақтылықты сақтау үшін ру-тайпалық қатынастарды реттеуге көңіл бөлді. Бұл, өз кезегінде, сыртқы қауіптерге қарсы тұруға мүмкіндік берді. Қорытындылай келе, Әбілқайыр ханның шешімдері қазақ хандығының қауіпсіздігі мен тәуелділігін басқаруда маңызды рөл атқарды. Оның саясаты қазақ халқының тарихында терең із қалдырды, әрі бүгінгі күні де зерттеліп, талқылануда.

Әбілқайыр ханның тарихи шешімдері қауіпсіздік пен тәуелділік мәселелерін тереңінен зерттеуді талап етеді. Оның саясаты Қазақстанның тарихи дамуында маңызды із қалдырды, ал оның қабылдаған шешімдері бүгінгі күні де өзекті болып табылады. Тарихшылар мен зерттеушілер үшін Әбілқайыр ханның мұрасы – қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы маңызды кезеңдердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Болатбек Нәсенов(тарих ғылымдарының докторы), 22 ақпан 2012 жылы anatili.kazgazeta.kz сайтында басылды.<https://anatili.kazgazeta.kz/>
2. Есламғалиұлы Мұқадес:Сан қилы сауал(қазақ әдет-ғұрпы,хандары туралы), Е83.Сан қилы сауал. Ойталғақ. - Алматы: - Ана тілі, 1995.
3. Әбілқайыр хан:жинақ/құрастырған:Ф.Әнес,К.Есмағамбетов.Толықтырылған,екінші басылым, - Алматы: «Арыс» баспасы 2010-344 б.
4. Амантай Исаұлы мақаласы 5 қазан қазан 2015 жыл. <https://aqtobegazeti.kz/?p=33242>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДҮНГЕН ДИАСПОРАСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТИ

Кұлымбетова І. С.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к.,қауымдастырылған профессор Туякова А.Е.

Астана халықаралық университеті

kulymbetovainzhu1@gmail.com

Астана қ.

Қазіргі әлемде жаһандандудың әсерінен азшылықтағы диаспоралар жойылу алдында тұр. Сондықтан олардың дәстүрлері мен ғұрыптарын сақтауы, әр этностың бірегейлігін білдіретін өзіндік ерекшелігін болашақ ұрпаққа жеткізу аса маңызды болып табылады. Бұл жұмыста жалпы дүнген диаспорасының тарихына, өмір салтына шолу ұсынылады, жағдайларға талдау жасалды ерекше ұлттық мәдениетті сақтауға мүмкіндік берген негізгі аспектілер қарастырылады. Мақалада дүнген тілі бойынша келтірілген статистикалық ақпараттар дүнген диаспорасының жас буындары арасында сұраныстың төмендегенін дәлелдеп, аталған тақырыптың бүгінгі күні өзекті екенін көрсетті.Дүнген диаспорасының қазақстанда қоныстанып,өздерінің ұлттық болмысын сақтау процесі жеңіл түрде өтті.

Бұл мақаланың мақсаты Қазақстандағы дүнген диаспорасының этномәдениетінің сақталуына талдау жасау. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: Дүнген диаспорасының қоныс аударуының негізгі